

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2020 жылғы «5» ақпандағы  
№ 51 бұйрығына 18-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына 563 -қосымша

**Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Түзету ырғағы» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

**1 - тарау. Жалпы ережелер**

1. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған бастауыш білім бері деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Түзету ырғағы» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5 бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарлама мақсаты – дене дамуының, жалпы және сөйлеу моторикасының, эмоционалді-ерік аясының кемістігін түзету; тұлғалық жағымды қасиеттерін қалыптастыру, эстетикалық тәрбие беру.

3. Бағдарлама міндеттері:

1) қимыл-қозғалыс аясын дамыту: жинақылығын, мақсатты бағыттылығын, қимыл-қозғалыстың үйлесімділігі мен айқындығын дамыту;

2) ырғақ сезімін қалыптастыру;

3) білім алушыларда әуенге сәйкес ырғақты және айқын қозғалу қабілетін, әуеннің ырғағы мен жылдамдығына қимылдарын үйлестіру қабілетін дамыту;

4) би қимылдарын үйрету, қимыл-қозғалыс мәнерлігі мен кейіптің бейнесін жеткізе білуін қалыптастыру;

5) музыкаға деген эмоционалды ілтипатын тәрбиелеу;

6) әуенді күші, ұзақтығы, тембрі, сипаты бойынша ажыратуға үйрету;

7) қимыл-қозғалыс жадысын дамыту;

8) қимыл-қозғалыс аясындағы жетіспеушіліктерін түзете отырып, ептілік, тепе-теңдік сезімін, кеңістікте бағдарлау, қимыл-қозғалыс үйлесімділігін қалыптастыру.

## 2 - тарау. Оқыту процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

4. Бағдарлама ақыл-ойы кем білім алушылардың дене дамуының, моторикасының, соматикалық күйінің, жүйке-психикалық мәртебесі мен танымдық қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып құрастырылған.

5. Оқытудың компенсаторлық-дамыту бағыттылығы қағидасы арнайы әдістермен және оқу-әдістемелік тәсілдерімен қамтамасыз етіледі: үздіксіз қайталау, жаңа материалды меңгеру үшін арнайы жағдай жасау, балалардың заттық-тәжірибелік іс-әрекетін кеңінен пайдалану, орындаған жұмыстарын баяндап отыруды талап ету, оқу әрекетінің әр қадамына басшылық ету, бақылау.

6. Оқытудың әлеуметтік-бейімдеу бағыты тұлғаның әлеуметтік бейімсізденуін жоюды немесе азайтуды көздейді; қимыл-қозғалыс нормаларын, өмірлік қарым-қатынастық және тұрмыстық дағдыларының қалыптасуына ықпал жасайды.

7. Жеке және саралап оқыту тәсілі қағидасы оқу материалын меңгеру кезінде байқалатын білім алушылардың вариативті типологиялық ерекшеліктерімен байланысты болады және олардың білім, білік, дағдылардың меңгеруінің сапасына әсер етеді.

8. Саралап оқыту барысында мұғалім білім алушылардың түрлі типологиялық топтары үшін оқу материалының әр түрлі көлемі мен күрделілігін, білім алушылардың оқу тапсырмаларын орындау дербестік дәрежесін, көрнекі-дидактикалық материалдардың түрлерін қолданады.

9. Бағдарлама материалы білім алушылардың қарапайым қозғалыстарындағы түрлі бұзылыстарына таңдамалы ықпал етуге, олардың неғұрлым күрделі, әсіресе адамның еңбек қызметіне қажетті қозғалыстарды ұйымдастыру қабілетін дамытуға ықпал етуге мүмкіндік береді.

10. Заттармен және затсыз, музыкамен және музыкасыз орындалатын түрлі жаттығулар ырғақ біліктілігін қалыптастыру құралы болып табылады, ол ырғақ әрекеттерін, кеңістік түсініктерін, сенсорлық процестерін, жоғары психикалық қызметтерін, вербалды және вербалсыз қарым-қатынас дағдыларын, өзін өзі қадағалауын түзетуге себеп болады.

11. Деңгейлік мақсаттарға сәйкес әзірленген тапсырмалар мен жаттығулар бағалаудың құралы болып есептеледі.

12. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытудың нәтижелілігін бағалау ағымдық (сабақ бойынша), кезеңдік (тақырыптық) және қорытынды бақылау түрінде іске асырылады.

13. Ағымдық бақылау оқытудың мазмұны мен әдістерін дұрыс таңдау мақсатында жүргізіледі; педагог сабақта білім алушылардың қызметін бақылауды, практикалық және дербес жұмыстарды, ұжымдық қызмет түрлерін талдауды пайдаланады.

14. Кезеңдік (тақырыптық) бақылау әр типологиялық топтағы білім алушылардың оқу материалын меңгерудегі түрлі мүмкіндіктері ескере отырып, тақырыптың, тараудың аяғында жүргізіледі.

15. Әр білім алушының оқу жетістіктері мен даму динамикасын талдау мақсатында тоқсанның, жылдың аяғында қорытынды бақылау жүргізіліп, жетістіктері оқу картасына еңгізіледі.

### **3 - тарау. «Түзету ырғағы» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

16. «Түзету ырғағы» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 0 - сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 32 сағатты;
- 2) 1 - сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 33 сағатты;
- 3) 2 - сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;
- 4) 3 - сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;
- 5) 4 - сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

17. Бағдарлама мазмұны келесідей бөлімдерді қамтиды:

- 1) «Ырғақты-гимнастикалық жаттығулар» бөлімі;
- 2) «Музыкалық-ырғақтық жаттығулар» бөлімі;
- 3) «Сөйлеу тілі ырғағы» бөлімі.

18. «Ырғақты-гимнастикалық жаттығулар» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) кеңістікте бағдарлау жаттығулары;
- 2) ырғақты-гимнастикалық жаттығулар.

19. «Музыкалық-ырғақтық жаттығулар» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) балалар музыкалық аспаптарымен жаттығулар;
- 2) музыкалық ойындар;
- 3) би жаттығулары.

20. «Сөйлеу тілі ырғағы» бөлімі келесідей бөлімшені қарастырады.

- 1) сөйлеу тілінің дағдылары.

21. 0 - сыныпқа арналған «Түзету ырғағы» пәнінің базалық мазмұны:

1) кеңістікте бағдарлауға арналған жаттығулар: кең адым мен қолдардың еркін қимылдарымен жүру; бірінен кейін бірі, сыңарымен, шашыраңқы; заттар арасымен колоннамен, шеңбер бойымен, қолдарынан ұстап жүру және жүгіру; аяқтың ұшымен және табанымен жүру; педагогтың белгісі бойынша жүру кезінде оңға, солға, алға, артқа бұрылу; түрлі адыммен колоннамен шеңбер бойымен жүру (ақырын, биік, сергек, спортты-салтанатты, серіпелі); музыкалық сүйемелдеу сипатының ауысуына қарай адыммен қимылдарды өзгерту, қимылдарды шапалақ, сылдырмақ, дабыл бойынша ауыстыру; жүру кезіндегі қол қимылдары (затпен және затсыз); оң және сол жаққа бұрыла отырып, қатардан сапқа қайта тұру; кеңістікте бағдарлау, мұғалімнің көрсеткен қимыл бағыты мен темпін сақтау; бір орында, жүрі және жүгіру кезінде қатарға

тұру және қайта тұру, сапта, қатарда, шеңбер ішінде бой түзеу, дұрыс бастапқы қалыпқа тұру;

2) заттарды пайдалана отырып ырғақты гимнастикалық жаттығулар – жалауша, таяқша, бет орамал, сылдырмақ, жасанды гүлдер, обручтар, доптар; қолдың қимылдарын аяқ және дене қимылдарымен үйлестіру; иық белдеу бұлшықеті үшін жаттығулар: алға, артқа, жоғары қарай, затпен және затсыз қол қимылдары; тік тұрған қалыптағы, еденде және орындықта отырған жаттығулар; таяқшаны жоғары көтеру, иыққа қою, қолымен алға, артқа сермеу, өз алдында және артында шапалақтау; кеуде алдындағы қолды жан-жаққа жазу және бұгу; айландырған қимылдарды қолдарымен кезектесіп және бірдей жасау; бір уақытта аяқ ұшына тұрып қолды көтеру; аяқ бұлшықеттері үшін жаттығулар: кезекпен аяқ ұшын алға немесе қапталға созып қою; тізеден бүгілген оң және сол аяқты кезекпен көтеру, тізе астынан шапалақ ұру; тізені қолымен, таяқпен, обручпен құшақтау; аяқ ұшына тұру; орындық арқасына сүйеніп, сүйенбей отыру; затпен отыру жаттығуларын орындау; дене бұлшық етері үшін жаттығулар: оңға және солға, аяқты бірге, еденде отырып бұрылу; аяқтың иық деңгейіндегі қалыпынан денені алға, төмен және жан-жаққа еңкейту, қолымен аяқ ұшына тию; заттарды алдына және қапталына қою, оларды алу; шалқасынан жату қалпынан аяқты кезекпен көтеру және түсіру; келбетті қалыптастыру, босаңсу жаттығулары;

3) балалар музыкалық аспаптарымен жаттығулары - барабан, дабыл; дабылды, барабанды, сылдырмақты музыкалық шығарманың қатты және әлсіз бөлігін жеткізу үшін пайдалану; дабылда, барабанда берілген ырғақты қайталау;

4) музыкалық ойындар: ырғақты музыкаға қимылдау, түрлі ырғақтарды түрлі темппен, ырғақпен орындау; музыкалық сүйемелдеуімен музыканың баяу және жылдам темпін қимылдармен, шапалақпен жеткізу; музыканың түрлі сипатына, динамикасына сәйкес (дыбыстың күшейюі, ақырындауы) қимылдар, қимылдағы акценттерді, қиын емес ырғақтарды белгілеу; музыкалық ойындар, заттармен эстафеталық ойындар, әндету ойындары;

5) би элементтері мен қарапайым би қимылдары бар би жаттығулары: жай адым – жұмсақ, сырғымалы, мықынын жоғары көтеру, аяқ ұшымен, табанын тұтас басу, саусақтарды иіп жүгіру, шапалақ ұрып бір аяқты басу; оң иық арқылы айлану, жұппен айлану; қыздар үшін – қолдарына бет орамалын ұстап бір қалыпты би қимылдарын жасау; қайталанатын қимылдары бар биді үйрену.

6) сөйлеу тілінің дағдылары: заттардың атауын дұрыс айту; зат есімді сын есіммен үйлестіру.

22. 1-сыныпқа арналған «Түзету ырғағы» пәнінің базалық мазмұны:

1) кеңістікте бағдарлауға арналған жаттығулар: тізені жоғары көтере отырып, тұзу аяқты алға қарай сермеу және аяқ ұшын соза отырып жүру, жүгіру; саптан, тізбектен шеңбер құрып қайта тұру; алға, оңға, солға, шеңбер

ішіне, шеңберден шығу сияқты қимылдар бағытында бағдарлай алу; жүру кезінде заттарды ұстап қарапайым қимылдарды орындау;

2) ырғақты-гимнастикалық жаттығулар: еңкею, тік тұру және басты бұру, иықтарды айландыра қимылдату; затпен және затсыз әртүрлі бағытта қол қимылдарын жасау (жалауша, сылдырмақ, ленталар); оңға, солға денені бұру және еңкею (заттарды алдына, қапталына қою, алу); сүйену және сүйеусіз, заттармен (обруч, таяқша, жалауша, доп) жүрелеп отыру; аяқты көтере тұрып бұту, жазу, табандысыртқа қарай қисайту және ішке келтіру, табанды айландыра қимылдату, аяқтың ұшын алға қарай және қапталға созу, саусақтарды бүгіп тұру; келбетті қалыптастыруға арналған жаттығулар; қолдарын айқастыра көтеру және түсіру (оң қол жоғары – сол қол төмен), бір мезгілде оң қолын-жоғары, сол қолын – шетке қимылдату, оң қолын алға, сол қолын – жоғары; сол аяқты алға қарай созу, оң қолын алға; оң аяғын шетке, сол қолын шетке; қолдың қалыптары, қолдың қалыптарын әр қайсысын жеке және екеуін бір мезгілде ауыстыру; қол қимылдарын басымен, көз қарауымен қостай отырып орындау; қарапайым ырғақтарды соғу, шапалақтау, аяқпен басу; бұлшықеттерді босанту жаттығулары;

3) балалар музыкалық аспаптарымен жаттығулары: қол білектерін әртүрлі бағытта қимылдату, музыка қарқындығының өзгеруіне қарай қол саусақтарын кезекпен және бір мезгілде жұдырыққа жұму және ашу, музыкадағы әр акцентке бармақты қалған саусақтарға қарсы қою, бір қолдың және екі қолдың саусақтарын алшақтату және жақындату, қол саусақтарын ерекшелену; балалар пианиносында қол саусақтарын жаттықтыру: бір актаваның бес нотасының аясында оң және сол қолдарымен бөлек орташа қарқынмен өсіңкі және бәсендеу гаммаларын орындау, барабанда екі таяқшамен бір мезгілде және кезектеп мұғалімнің санауымен, тақпақ айтумен қарапайым ырғақтарды соғу;

4) музыкалық ойындар: музыканың, динамиканың (қатты, ақырын), регистрдің (жоғары, төмен) түрлі сипатына сәйкес ырғақ қимылдарын орындау; музыкадағы өзгерістерге сәйкес жүру, жүгіру, секіру, би қимылдары бағыттарын, формасын өзгерту (жеңіл, би жүгірісі спорттық шапшаң жүгіріске; жеңіл, ойнақы секіру – ауыр, күлкілі секіруге ауысады), балаларға жақсы таныс, нақты еліктеу бейнесіне құрылған еліктеу жаттығулары мен ойындарын орындау (аңдардың, құстардың қылықтары, көліктердің жүрісі, адамның іс-әрекеті), музыканың нақты эмоциональді және динамикалық сипатына сәйкес; музыкадағы күрт акценттерді аяқпен жерді басып, шапалақтап және басқа қимылдармен жеткізу; заттармен музыкалық ойындар, әндетуді немесе сөйлеу тілімен қостауды қарастыратын ойындар;

5) би жаттығулары: сергек, байыпты, тыпырлаған адым, жеңіл иілген саусақпен жүгіріс; екіаяқтап секіру, тұзу шоқырақ, қолдың сермеу қимылдары; орыс биінің элементтері: қарапайым қол ұстасып адымдау, екі қолымен бүйірін таянып тұтас табанмен адымдау (қыздар үшін – бет орамалды ұстап қимылдау); бір аяқпен және кезектеп басу, аяқты ұшымен және өкшемен созып қою;

жұптық қимылдар: жүгіру, жүру, бір орында айлану; қол ұстасып шеңбермен жүру, аяқпен басып, шапалақтап, айланып билеу.

б) сөйлеу тілінің дағдылары: заттардың атауын дұрыс айту; зат есімді сын есіммен, етістікпен үйлестіру; қойылған сұраққа жауап беру.

23. 2- сыныпқа арналған «Түзету ырғағы» пәнінің базалық мазмұны:

1) кеңістікте бағдарлау жаттығулары: зал бұрышында ширақ бұрыла келе, қабырға бойымен жүру, сапқа, қатарға, тізбекке, шеңберге, жұппен тұру; қатарға екеуден тұру, жұптық қатардан бір адамдық қатарға қайта тұру; саптағы қалыптан және шашырау қозғалысынан қатарға қайта тұру; жүру кезінде затпен қиын емес тапсырмаларды орындау: оларды айлана жүгіру, жинау, бір біріне беру, бір жерден басқа жерге қою;

2) ырғақты-гимнастикалық жаттығулар: жалпы даму жаттығулары, қолдарды шетке сермеу, оларды өз алдында тербету, айландыра қимылдау, лентамен жаттығулар; басты алға, артқа қарай, жан-жаққа еңкейту және бұру, айландыра қимылдау; тізені бүгіп және бүкпей денені еңкейту; қолдарын жоғары, жан-жаққа, желкеге, белге қоя отырып, денені еңкейту және бұру; затты бере отырып (жалауша, доп), денені бұру; затты өз алдына, қапталына тізені бүкпей түсіру және көтеру; оң және ол аяқты кезекпен алға, артқа, шетке, бастапқы қалыпқа қою. Маршпен жүрген сияқты тізеден бүгілген аяқты күрт көтеру, тұрған және отырған күйде табанды бұгу, жазу; келбетті қалыптастыру жаттығулары; қозғалыс үйлесіміне жаттығулар, бір мезгілде оң қолмен жоғары-төмен, ал сол қолымен кеуде алдында өзінен алшақ – өзіне қарай қимылдар жасау (қолдарын ауыстыру); оң аяқпен сол қолдың айқастырылған түрлі қимылдары (бір мезгілде оң аяқты қапталға қою және бастапқы қалыпқа келтіру және сол қолды иыққа бұгу және жазу; бір мезгілде тізеден бүгілген сол аяқты жоғары көтеру және оң қолды көтеру, түсіру); музыка қарқынының өзгеруіне сәйкес қимылдарды жылдамдату және баяулату, музыка аяқталған соң берілген сол қарқында қимылдарды орындау; бұлшықетті босаңту жаттығулары;

3) балалар музыкалық аспабымен жаттығулар: білекті айландыру қимылдары (күштеніп және и еркін), баяу қарқынмен ақырын жылдамдата отырып, бір мезгілде бір қолдың саусақтарын жұдырыққа жұму, ал екінші қолдың саусақтарын жазу, бірінші саусақты қалғандарына қарсы қою, бір мезгілде және кезектесіп бір қолдың саусақтарын екіншіге қарсы қою; балалар музыкалық аспаптарында жаттығу: екі қолмен бірдей орташа қарқынмен бес нота аясында өсіңкі және бәсендеу гаммаларын орындау, аккордеонда және үрмелі гармоникада бір актава аясында гаммаларды үйрену; дабыл мен барабанда қиын емес ырғақтарды екі таяқшамен бір мезгілде және кезектесіп түрлі вариацияда орындау;

4) музыкалық ойындар: музыканың түрлі сипатына, динамикасына (қатты, орташа, ақырын), регистріне (жоғары, орташа, төмен) сәйкес қимылдарды орындау; музыкадағы түрлі қарқынды, динамикалық, әуендік өзгерістерді өздігінен ажырата білуге және оларды қимылмен көрсету

жаттығулары; екі бөлімді музыканың айырмашылығын қимылмен жеткізу, таныс қимылдарды еркін биде мәнерлеп орындау, ойын бейнелері мен әннің мазмұнын қимыл арқылы мәнерлеп және эмоциональді жеткізу; өздігінен музыкалық-қозғалыс бейнені құру; заттармен музыкалық ойындар, әндетумен және сөйлеу тілімен қостайтын музыкалық ойындар, қолжетімді әндерді сахналау, ойналған әуеннің ырғағын шапалақтап шығу;

5) би жаттығулары: ақырын, сақ жүріс, биік адым, жұмсақ серіппелі адым, жайбарақат бт жүгірісі, шапшаң жүгіріс, бір аяқтан екіншісіне секіру, жеңіл секіру, ауыспалы жүріс, аяқты алға қарай сермеп секіру; би элементері: бір орында және жылжып адымдау, қарғып жүру, ауыспалы адым; қолдарын денеге түйісіп төмен түсіру, кеуде деңгейінді айқастыру; бір қолымен бүйірін таянып, екіншісі бет орамалды жоғары көтеріп, шынтақта сәл бүгілген (қыздар үшін).

6) сөйлеу тілінің дағдылары: сұрақтың сөздерін қолдана отырып, қойылған сұраққа толық жауап беру; жайтаратылмаған сөйлемдерді құрастыру; таныс сөздердің формаларын дұрыс қолдана отырып, сұрақтар бойынша сөйлемді тарату.

24. 3- сыныпқа арналған «Түзету ырғағы» пәнінің базалық мазмұны:

1) кеңістікте бағдарлауға жаттығу: метрикалық лүпілге сәйкес жүріс; отырысты тізені бүгіп, аяқ ұшымен, кең және майда адымдармен, өкшелеп, арқаны түзу ұстап жүрумен ауыстыру; үш-үштен қатарға тұру, бір шеңберден екі шеңбер құрып тұру, бірінші топ балаларының алға бір адым және екінші топ балаларының артқа бір адым жасау арқылы үш жеке кішкентай шеңберлер мен концентрлік шеңберлер құру; жалпы шеңберден екі, үш, төрт адамдық кіші шеңбер құру және керісінше жалпы шеңберге тұру; алдыңғы сыныптарға қарағанда заттармен күрделі қимылдар орындау;

2) ырғақты-гимнастикалық жаттығулар: басты еңкейту, бұру және айландыру; әртүрлі бағыттағы қол қимылдары: қолдарын шетке сермеу және иықтарын құшақтай келе қолдарын алдынан айқастыру; кштеніп тұрып қолдарын шетке сермеу (резенкені созу); еңкейюмен үйлестіре денені бұру; қол қимылдарымен бірге денені алға, жан-жаққа бұру; тізелерін күштеп, жан-жаққа ашып асықпай отыру, ақырын бастапқы қалыпқа келу; аяқ ұшымен тұру және жүрелей отыру, табанды айландыра қимылдату; бір мезгілде аяқты алға, шетке созып отыру; қысып ұстаған қолдардан, таяқ үстінен аттап өту; келбетті қалыптастыру жаттығулары; қозғалыстың үйлесімдігіне арналған жаттығулар: сілтей отырып оң аяқты шетке қою және қолды қапталдан жоғары көтеру, алақан соғу, аяқты сілтеу жағына қарсы басын бұру; сол аяқтың айландырған қимылдарын оң қолдың айландырған қимылдарымен үйлестіру; затпен жасалатын қимылдардың күрделі үйлесімдігіне арналған жаттығулар (жалауша, доп, обручтар, секіртпе жіп); музыканың қиын емес ырғағын барабанның, дабылдың сүйемелдеуімен орташа, тез қарқынмен бір мезгілде шапалақтау және аяқпен басу; қарапайым ырғақтарды өздігінен құрастыру;

мұғалім шапалақтаған ырғақты аяқпен басып келтіру және керісінше; бұлшықетті босаңту жаттығулары;

3) балалар музыкалық аспаптарымен жаттығу: қол білегін бүгу және жазу, сілкіу, бұру, саусақтарды жұдырыққа жұму және ашу; бараан таяқшаларымен қол білектеріне арналған жаттығулар; балалар пианиносында, аккордеонда, үрмелі гармоникада бір актава аясында тез қарқынмен гамманы орындау, қиын емес әуенді орындау; барабан мен дабылда түрлі ырғақтарды орындау;

4) музыкалық ойындар: музыкалық шығарманың бөліктерін қимылдар арқылы жеткізу, музыкалық фразаларды кезекпен ауыстыру; музыкадағы динамикалық үдеуді, тактың күшті үлесін қимылмен жеткізу; түрлі қимылдардың қарқынын өздігінен жылдамдату және баяулату; бидің таныс элементтерін қолдана отырып, серпіле, бірсарынды, бірқалыпты, құлаштап қимылдарды орындау; әндерді сахналау барысында ойын бейнелерін жеткізуге жаттығу; музыкалық әңгіменің сюжетін қимылдар арқылы ашып жеткізу, импровизациядағы рөлдерді ауыстыру; ойын мен билердің басқа нұсқасын ойлап табу; заттарды елестете отырып қимылдау; әнмен және сөйлеу тілімен қосталған қимыл-қозғалыс ойындары;

5) би жаттығулары: аяқ ұшымен адымдау, полька адымы; кең, биік жүгіріс; қатты секіру, қырымен шоқырақтап жүгіру; би элементтері: жанама адымдап отыру, аяқты өкшемен қойып жүрелей отыру, бір орында және жылжу кезінде отыру, жүрелей отыру; жұппен қимылдау: қырымен шоқырақтап жүгіру, секіру; халық билерінің негізгі қимылдары.

6) сөйлеу тілінің дағдылары: әңгімеге қатысу, қойылған сұраққа толық және дұрыс жауап беру; таныс сөздердің формаларын дұрыс қолдана отырып, жай таратылған сөйлемдер құрастыру; көмекші сөздерді және үстеуді қолдану.

#### 25. 4- сыныпқа арналған «Түзету ырғағы» пәнінің базалық мазмұны:

1) кеңістікте бағдарлауға арналған жаттығулар: бір адамды қатардан төрт адамды қатарға қайта тұру, шахмат ретімен тұру; бірнеше қатардан бірнеше шеңберге қайта тұру, оларды тарылту және кеңейту; қарапайым және концентрлік шеңберден «жұлдызша» және «әткеншек» қайта құру; зал ортасымен жүру, бір бұрыштан екінші бұрышқа қарай диаганаль сызығын жүргізе білу; лента, обруч, секіртпе жіпті қолдана отырып, сапқа тұру кезінде дұрыс ара қашықтықты сақтай білу; алдыңғы сыныптарға қарағанда заттармен күрделі қимылдар орындау;

2) ырғақты-гимнастикалық жаттығулар: басты еңкейту, бұру және айландыру; иықтағы қол қалпынан қолды алға, қапталға, жоғары сермеу; иықты баяу айландыра қозғалту және ақырын жылдамдату, қимылдың қарқынын күрт өзгерту; қол білектерінің бірсарынды, күрт, жылдам, баяу қимылдары; тұрған және отырған қалпында заттарды беру үшін денені бұру; жан-жаққа созылған, желкеге, белге қойылған қолдарымен денені айландыра қимылдау; аяқ қимылдарын әртүрлі қылып үйлестіру: аяқты алға, артқа, қапталға қою, түзе буынын бүгу, айландырған қимылдар, табанның ішкі жағымен жүру; келбетті



қалыптастыру жаттығулары; қимылдардың үйлесіміне арналған жаттығулар: аяқтың, қолдың дененің, білектің бір мезгілдегі қимылдарының әртүрлі үйлесімі; музыкалық сүйемелдеумен біртіндеп жылдамдата, қимыл қарқынын күрт өзгерте отырып жаттығуларды орындау; қолды көтеріп, кеуде алдында, оң жақта, сол жақта, сирақ үстінде кезектеп шапалақтау; шапалақ пен аяқты басуды, заттарды (сылдырмақ, дабыл, барабан) үйлестіре отырып, қиын емес ырғақтарды өздігінен құрастыру; бұлшықетті басаңту жаттығулары;

3) балалар музыкалық аспаптарымен жаттығулар: білекті айландыра қимылдату (саусақтарды жұдырыққа жұму), бір саусақты басқаларға қарсы қою, түрлі қарқында білек пен қол саусақтарын қимылдату: баяу, орташа, жылдам, біртіндеп жылдамдату, қарқынды күрт өзгерте отырып, бірсарынды қимылдар; балалар пианиносында, аккардионда, үрмеді гармоникада қиын емес жаттығуларды, әндерді орындау; таныс әннің негізгі ырғағын музыкалық аспаптарда ойнауға жаттығу, берілген әуеннің ырғағы бойынша таныс әнді анықтау;

4) музыкалық ойындар: музыкадағы метрді, ырғақты, акцентті, қарқынды және динамикалық өзгерістерді қимыл арқылы өздігінен жеткізуге жаттығу; музыкалық фразалардың, бөліктер контрастылығының өзгеруіне сәйкес өздігінен қимылдарды өзгерту; әуеннің кіріспесінен кейін қимылды бастап үйрену; ойынның, би элементтерінің жаңа нұсқасын орындау және ойлап табу, оларды араластыру, қиын емес би композицияларын, әндетуді, сөйлеуді қажет ететін ойындарын; музыкалық ертегілерді, әндерді сахналау;

5) би жаттығулары: 3-сыныпта үйренген би элементтерін орындау; қыздарға «Қамажай» қазақ биінің элементтерін, ұлдарға «Қара жорға» қазақ биінің элементтерін үйрету; әртүрлі халықтардың би элементтерін ажыратуға жаттығу; кадриль адымы: үш жай адым және бір сырғымалы адым, аяқтың ұшын созу; серіппе жүгіріс, артқа қарай секіру (арқасымен), тұтас табанды басып жәнесаусақтарын бүгіп тез майда адымдар жасау; халық билерін орындау.

6) сөйлеу тілінің дағдылары: әңгімеге қатысу, сыныптастарының айтқанын толықтыра отырып, қойылған сұраққа жауап беружай таратылған сөйлемдерді қолдана отырып, жоспар бойынша байланыстыра сөйлеу; таныс сөздердің формаларын дұрыс қолдану.

#### **4 - тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі**

26. Оқу бағдарламасында әрбір бөлімнің оқу материалының мазмұны мен бірізділігін анықтау үшін негіз болатын, сондай-ақ білім алушылардың жетістіктерін бағалау критерийлері болып табылатын, оқыту мақсаттары жүйесі түрінде ұсынылған күтілетін нәтижелер көрсетілген.

27. Оқу бағдарламасында оқыту мақсаттары кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгіде бірінші белгі – сыныбын, екінші және үшінші белгі – бөлімнің

және бөлімшенің реттік санын, төртінші белгі оқу мақсатының реттік номерін көрсетеді. Мысалы, 1.1.3.4: кодында «1» - сыныбы, «1.3» - бөлімше, «4» - оқыту мақсатының реттік саны.

28. Оқыту мақсаттарының жүйесі бойынша күтілетін нәтижелер:

1. «Бірғақты-гимнастикалық жаттығулар» бөлімі:

1-кесте

| Бөлімшелер                                      | Оқыту мақсаттары   |   |  |   |  |
|---|--|---|--|---|--|
|   | 0 - сынып  | 1 - сынып   | 2 - сынып  | 3 - сынып   | 4 - сынып  |
| 1.1<br>Кеңістікте<br>бағдарлауға<br>жаттығулары | 0.1.1.1 қолды еркін қимылдатып, кең адыммен жүру;<br>0.1.1.2 қол ұстасып шеңбер бойынмен жүру және жүгіру;<br>аяқтың ұшымен және өкшемен жүру;<br>0.1.1.3 жүру кезінде педагогтың белгісі бойынша денені бұру (оңға, солға, алға, артқа);<br>0.1.1.4 жүру кезінде қолмен | 1.1.1.1 дұрыс бастапқы қалыпты сақтай білу;<br>1.1.1.2 дұрыс жүгіріс пен жүрудің дағдыларының қалыптастырылуы;<br>1.1.1.3 сап, тізбек ішінен шеңберге қайта тұру жаттығуларының орындауға тырысуы;<br>1.1.1.4 алға, артқа, оңға, солға, шеңберге, шеңберден сияқты қозғалыс | 2.1.1.1 жүру және жүгіру кезінде жаттығуларды орындау;<br>2.1.1.2 сапқа тұру және қайта тұру жаттығуларының орындауы екеуден қатарға, жұппен тұрған қатардан бір адамды қатарға қайта тұру;<br>2.1.1.3 жүгіріс, жүріс кезінде заттармен қиын емес тапсырмаларды орындау оларды | 3.1.1.1 жүріске арналған жаттығуларды орындау; музыканың метрлік лүпіліне сәйкес жүру; тізені бүгіп, аяқтың ұшымен, кең және майда адымдап, өкшемен, арқаны түзу ұстап жүрумен отыруды кезекпен ауыстыру;<br>3.1.1.2 сапқа тұру және қайта тұру жаттығуларының орындауы;<br>3.1.1.3 жалпы | 4.1.1.1 бір адамды қатардан төрт адамды қатарға қайта тұру;<br>4.1.1.2 шахмат ретімен сапқа тұру;<br>4.1.1.3 бірнеше қатардан бірнеше шеңберге қайта тұру;<br>4.1.1.4 қарапайым және концентрлік шеңберден «жұлдызша» және «әткеншек» қайта құру;<br>4.1.1.5 зал ортасымен жүру, бір бұрыштан екінші бұрышқа қарай диаганаль |

|   |  |  |  |   |   |
|---|--|--|--|---|---|
|   | <p>эртүрлі қимылдарды орындау (заттармен және затсыз);<br/>0.1.1.5 оң немесе сол жағынан қатардан сапқа қайта тұру</p>   | <p>бағыттары н бағдарлай білу;<br/>1.1.1.5 жүріс кезінде заттармен қарапайым қимылдарды жасау;<br/>1.1.1.6 кеңістікте бағдарлау, мұғалім көрсеткен қимылдың бағыты мен қарқынын сақтау</p> | <p>айланып жүгіру, жинау, бір біріне беру, бір орыннан екінші орынға қою;<br/>2.1.1.4 сапта тұрып және шашырау қозғалысы нан қатарға қайта тұру</p>  | <p>шеңберден екі, үш, төрт адамды шеңберлерге және керісінше жалпы шеңберге қайта тұру;<br/>3.1.1.4 алдыңғы сыныптарға қарағанда заттармен күрделі қимылдар орындау</p>                         | <p>сызығын жүргізе білу;<br/>4.1.1.6 лента, обруч, секіртпе жіпті қолдана отырып, сапқа тұру кезінде дұрыс ара қашықтықты сақтай білу</p>   |
| <p>1.2 Ырғақты-гимнастикалық жаттығулар</p> | <p>0.1.2.1 иық белдеуінің бұлшықеттеріне арналған жаттығуларды орындау;<br/>0.1.2.2 аяқ бұлшықеттеріне арналған жаттығуларды орындау:<br/>кезектеп аяқ ұшын алға және шетке қою; тізе астына шапалақ</p> | <p>1.1.2.1 мұғалімнің тапсырмасы бойынша жалпы дамытушы жаттығуларды орындау;<br/>1.1.2.2 түрлі заттармен жалпы дамытушы жаттығуларды орындау;<br/>1.1.2.3 келбетті қалыптастыру</p>       | <p>2.1.2.1 мұғалімнің көрсетуімен қолға және иық белдеуіне, денеге, аяққа, табан буынына арналған жалпы дамытушы жаттығуларды орындау;<br/>2.1.2.2 заттармен (жалауша, доп) жалпы дамытушы</p> | <p>3.1.2.1 қолға және иық белдеуіне, денеге, аяққа, табан буынына арналған жалпы дамытушы жаттығуларды орындау;<br/>3.1.2.2 келбетті қалыптастыруға арналған 1, 2-сыныпқа қарағанда қиындау</p> | <p>4.1.2.1 қолға және иық белдеуіне, денеге, аяққа, табан буынына арналған жалпы дамытушы жаттығуларды өздігінен орындау;<br/>4.1.2.2 келбетті қалыптастыруға арналған жаттығуларды өздігінен орындау;<br/>4.1.2.3 аяқтың, қолдың</p> |

|  |  |   |  |  |   |
|--|--|---|--|--|---|
|  | <p>ұру; тізеті қолымен, таяқшамен , обручпен құшақтап алу; аяқ ұшына тұру; 0.1.2.3 орындық арқасына сүйеніп, сүйенбей отыру; затпен отыру жаттығуларын орындау; 0.1.2.4 дене бұлшық етері үшін жаттығулар: оңға және солға, аяқты бірге, еденде отырып бұрылу; 0.1.2.5 босаңсуға арналған жаттығуларды орынаду</p> | <p>жаттығуларын орындау; 1.1.2.4 қимыл үйлесімдігі не арналған жаттығуларды орындау; 1.1.2.5 қолдың қалыптарын білу: әр қолды жеке және екі қолды бір мезгілде қолдың қалпын ауыстыру; 1.1.2.6 қарапайым ырғақты соғуды, шапалақтауды, аяқпен басуды білу; 1.1.2.7 мұғалімнің белгісі немесе музыкадағы акцент бойынша бұлшықеттерді басанту жаттығулар</p> | <p>жаттығуларды орындау; 2.1.2.3 келбетті қалыптастыруға арналған жаттығуларды орындай білу; 2.1.2.4 қимыл үйлесімдігіне арналған жаттығуларды орындау; 2.1.2.5 жаттығуларды ырғақпен, музыкаға сәйкес орындау; 2.1.2.6 музыка қарқынының өзгеруіне сәйкес қимылдарды жылдамда ту және баяулату, музыка аяқталған соң берілген сол</p> | <p>жаттығуларды орындай білу; 3.1.2.3 затпен жасалатын қимылдардың күрделі үйлесімдігіне арналған жаттығулар (жалауша, доп, обручтар, секіртпе жіп); 3.1.2.4 музыканың қиын емес ырғағын барабанның , дабылдың сүйемелдеуі мен орташа, тез қарқынмен бір мезгілде шапалақтау және аяқпен басу; 3.1.2.5 қарапайым ырғақтарды өздігінен құрастыру, мұғалім шапалақтаған ырғақты аяқпен басып келтіру және керісінше;</p> | <p>дененің, білектің бір мезгілдегі қимылдарының әртүрлі үйлесімін келтіру; 4.1.2.4 шапалақтау аяқты басуды, заттарды (сылдырмақ, дабыл, барабан) үйлестіре отырып, қиын емес ырғақтарды өздігінен құрастыру; 4.1.2.5 бұлшықетті босанту жаттығуларын орындау; 4.1.2.6 еліктеу жаттығуларын орындау</p> |
|--|--|---|--|--|---|

|  |  |             |   |  |  |
|--|--|-------------|---|--|--|
|  |  | рын орындау | қарқында қимылдарды орындау;<br>2.1.2.7 бұлшықеттерді басаңту жаттығуларын орындау;<br>2.1.2.8 еліктеу жаттығуларын орындау | 3.1.2.6 бұлшықетті басаңту жаттығуларын орындау;<br>3.1.2.7 еліктеу жаттығуларын орындау |  |
|--|--|-------------|---|--|--|

2) «Музыкалық-ырғақтық жаттығулар» бөлімі:  
2-кесте

| Бөлімшелер                                    | Оқыту мақсаттары   |   |  |   |   |
|---|--|---|--|---|---|
|   | 0 сынып  | 1 сынып   | 2 сынып  | 3 сынып   | 4 сынып   |
| 2.1 Балалар музыкалық аспаптарымен жаттығулар | 0.2.1.1 кейбір музыкалық аспаптарының дыбыстауын ажырата білу (барабан, дабыл);<br>0.2.1.2 музыкалық шығармадағы қатты, ақырын үлестерді | 1.2.1.1 дайындық жаттығуларын жасай білу;<br>1.2.1.2 музыка қарқындығының өзгеруіне қарай қол саусақтарының кезекпен және бір мезгілде жұдырыққа жұму және ашу;<br>1.2.1.3 қол саусақтары | 2.2.1.1 білекті айландыру қимылдарын орындау (күштеніп және иеркін);<br>2.2.1.2 баяу қарқынмен ақырын жылдамдата отырып, бір мезгілде бір қолдың саусақтарын | 3.2.1.1 қол білегін бүгу және жазу, сілкіу, бұру, саусақтары жұдырыққа жұму және ашу жаттығуларын орындау;<br>3.2.1.2 балалар пианиносында, аккордеонда, үрмелі гармоникада | 4.2.1.1 білекті айландыра қимылдату (саусақтарды жұдырыққа жұму) жаттығуын өздігінен орындау, бір саусақты басқаларға қарсы қою;<br>4.2.1.2 түрлі қарқында білек пен қол саусақтарын қимылдату: баяу, орташа, |

|  |   |  |  |  |   |
|--|---|--|--|--|---|
|  | <p>жеткізу үшін барабанды, дабылды, сылдырмақты қолдана білуі;<br/>0.2.1.3 барабанды, дабылда, маракаста ұсынылған ырғақты қайталау</p> | <p>нқарсы қою жаттығуларын орындау;<br/>1.2.1.4 балалар пианиносында қол саусақтарына арналған жаттығуды орындау;<br/>1.2.1.5 бір актаваның бес нотасының аясында оң және сол қолдарымен бөлек орташа қарқынмен өсіңкі және бәсендеу гаммаларын орындау;<br/>1.2.1.6 барабанда екі таяқшамен бір мезгілде және кезектеп мұғалімнің санауымен, тақпақ айтумен қарапайым ырғақтарды соғу</p> | <p>жұдырыққа жұму, ал екінші қолдың саусақтарына жаза білу;<br/>2.2.1.3 қол саусақтарына қарама-қарсы қою жаттығуларын орындай білу;<br/>2.2.1.4 екі қолмен бірдей орташа қарқынмен бес нота аясында өсіңкі және бәсендеу гаммаларын балалар пианиносында орындау;<br/>2.2.1.5 аккордеонда және үрмелі гармоникада бір актава аясында гаммаларды үйрену;<br/>2.2.1.6 дабыл мен барабанда</p> | <p>а бір актава аясында орташа қарқынмен гамманы орындау;<br/>3.2.1.3 қиын емес әуенді музыкалық аспаптарда орындау;<br/>3.2.1.4 барабан мен дабылда, маракаста түрлі ырғақтарды орындау</p> | <p>жылдам, біртіндеп жылдамдату, қарқынды күрт өзгерте отырып, бірсарынды қимылдар жа сау;<br/>4.2.1.3 балалар пианиносында, аккордеонда, үрмеді гармоникада қиын емес жаттығуларды, әндерді орындау;<br/>4.2.1.4 таныс әннің негізгі ырғағын музыкалық аспаптарда ойнауға жаттығу;<br/>4.2.1.5 берілген әуеннің ырғағы бойынша таныс әнді анықтау жаттығуларын орындау</p> |
|--|---|--|--|--|---|

|                       |  |  |   |   |   |
|-----------------------|--|--|---|---|---|
|                       |  |  | қиын емес ырғақтарды екі таяқшамен бір мезгілде және кезектесіп түрлі орындау   |   |   |
| 2.2 Музыкалық ойындар | 0.2.2.1 ырғақты музыкаға еркін әрі шынайы қимылдау ;<br>0.2.2.2 түрлі қимылдарды түрлі темпмен, ырғақпен орындау;<br>0.2.2.3 музыкалық сүйемелдеуімен музыканың баяу және жылдам темпін қимылдармен, шапалақпен жеткізу;<br>0.2.2.4 музыканың түрлі сипатына | 1.2.2.1 музыканың, динамиканың (қатты, ақырын), регистрдің (жоғары, төмен) түрлі сипатына сәйкес ырғақ қимылдарын орындау;<br>1.2.2.2 музыкадағы өзгерістерге сәйкес жүру, жүгіру, секіру, би қимылдары бағыттарын, формасын өзгерте біледі (жеңіл, би жүгірісі спорттық шапшаң жүгіріске; жеңіл, ойнақы | 2.2.2.1 музыканың түрлі сипатына, динамикасына (қатты, орташа, ақырын), регистріне (жоғары, орташа, төмен) сәйкес қимылдарды орындау;<br>2.2.2.2 музыкадағы түрлі қарқынды, динамикалық, әуендік өзгерістерді өздігінен ажырата білуге және оларды қимылмен көрсету | 3.2.2.1 музыкалық шығарманың бөліктерін қимылдар арқылы жеткізу, музыкалық фразаларды кезекпен ауыстыру;<br>3.2.2.2 музыкадағы динамикалық үдеуді, тактың күшті үлесін қимылмен жеткізу;<br>3.2.2.3 түрлі қимылдардың қарқынын өздігінен жылдамдау және баяулату;<br>3.2.2.4 бидің таныс элементтерін қолдана отырып, | 4.2.2.1 музыкадағы метрді, ырғақты, акцентті, қарқынды және динамикалық өзгерістерді қимыл арқылы өздігінен жеткізуге жаттығуларды орындау;<br>4.2.2.2 музыкалық фразалардың, бөліктер контрастылығының өзгеруіне сәйкес өздігінен қимылдарды өзгерту;<br>4.2.2.3 әуеннің кіріспесінен кейін қимылды бастау;<br>4.2.2.4 |

|  |   |   |  |  |  |
|--|---|---|--|--|--|
|  | <p>, динамика сына сәйкес (дыбыстың күшейюі, ақырындауы) қимылдар жасау, қимылдағы акценттерді, қиын емес ырғақтарды белгілеу; 0.2.2.5 музыкалық ойындарды ойнай білу; 0.2.2.6 заттармен эстафета ойнай білу; 0.2.2.7 әндету ойындарын ойнай білу</p> | <p>секіру – ауыр, күлкілі секіруге ауысады); 1.2.2.3 музыканың нақты эмоциональді және динамикалық сипатына сәйкес жаттығуларды орындай білу; 1.2.2.4 музыкадағы күрт акценттерді аяқпен жерді басып, шапалақтап және басқа қимылдармен жеткізе білу; 1.2.2.5 заттармен музыкалық ойындар, әндетуді немесе сөйлеу тілімен қостауды қарастыратын ойындарға белсенді қатысу; 1.2.2.6 ән</p> | <p>жаттығуларын орындау; 2.2.2.3 екі бөлімді музыканың айырмашылығын қимылмен жеткізу; 2.2.2.4 таныс қимылдарды еркін биде мәнерлеп орындау движения; 2.2.2.5 ойын бейнелері мен әннің мазмұнын қимыл арқылы мәнерлеп және эмоциональді жеткізу; 2.2.2.6 өздігінен музыкалық -қозғалыс бейнені құру; 2.2.2.7 заттармен музыкалық ойындар ойнай білу;</p> | <p>серпіле, бірсарынды, бірқалыпты, құлаштап қимылдарды орындау; 3.2.2.5 әндерді сахналау барысында ойын бейнелерін жеткізу жаттығуларын орындау; 3.2.2.6 музыкалық әңгіменің сюжетін қимылдар арқылы ашып жеткізу; 3.2.2.7 импровизациядағы рөлдерді ауыстыруға талпыну; 3.2.2.8 ойынмен билердің басқа нұсқасын ойлап табу; 3.2.2.9 заттарды елестете отырып қимылдау; 3.2.2.10.</p> | <p>ойынның, би элементтерін ің жаңа нұсқасын орындау және ойлап табу, қиын емес би композицияларын оларды араластыра білу; 4.2.2.5 музыкалық ертегілерді, әндерді сахналау</p> |
|--|---|---|--|--|--|



|                       |  |  |  |   |  |
|-----------------------|--|--|--|---|--|
|                       |  | айтумен немесе сөйлеумен қостайтын ойындарды ойнай білу  | 2.2.2.8 ән айтумен және сөйлеу тілімен қостайтын музыкалық ойындарды білу;<br>2.2.2.9 қолжетімді әндерді сахналау;<br>2.2.2.10 ойналған әуеннің ырғағын шапалақтап шығу                        | әнмен және сөйлеу тілімен қосталған қимыл-қозғалыс ойындарын ойнау  |  |
| 2.3<br>Би жаттығулары | 0.2.3.1 жай адым – жұмсақ, сырғымалы, мықынын жоғары көтеру, аяқ ұшымен, табанын тұтас басу, саусақтарды иіп жүгіру, шапалақ ұрып бір аяқты басу; оң иық арқылы айлану, жұппен | 1.2.3.1 сергек, байыпты, тыпырлаған адым жаттығуларын орындау;<br>1.2.3.2 иілген саусақпен жеңіл жүгірісті орындау;<br>1.2.3.3 екі аяқтап секіруді орындау;<br>1.2.3.4 түзу шоқырақты орындай білу;<br>1.2.3.5 | 2.2.3.1 1-сынып бағдарламасы бойынша би элементтерін орындау;<br>2.2.3.2 ақырын, сақ жүріс, биік адым жасау;<br>2.2.3.3 жұмсақ серіппелі адым жасау;<br>2.2.3.4 жайбарақат би жүгірісі, шапшаң | 3.2.3.1 2-сынып бағдарламасы бойынша би элементтерін орындау;<br>3.2.3.2 аяқ ұшымен адымдау, полька адымын жасау;<br>3.2.3.3 кең, биік жүгірісті орындау;<br>3.2.3.4 қатты секіру, қырымен шоқырақтап жүгіруді орындау; | 4.2.3.1 3-сыныпта үйренген би элементтерін орындау;<br>4.2.3.2 қыздарға «Қамажай» қазақ биінің элементтерін орындау;<br>4.2.3.3 ұлдарға «Қара жорға» қазақ биінің элементтерін орындау;<br>4.2.3.4 әртүрлі халықтардың би элементтерін ажыратуға |

|  |   |  |  |   |  |
|--|---|--|--|---|--|
|  | <p>айлану жаттығулар арын орындай білу;<br/>0.2.3.2 қыздар үшін – қолдарын а бет орамалын ұстап бір қалыпты би қимылдарын жасау;<br/>0.2.3.3 қайталанатын қимылдары бар биді орындай білу</p> | <p>қолдың сермеу қимылдарын жасай білу;<br/>1.2.3.6 бір аяқпен және кезектеп басу, аяқты ұшымен және өкшемен созып қою;<br/>1.2.3.7 жұптық қимылдарды орындау: жүгіру, жүру, бір орында айлану;<br/>1.2.3.8 қол ұстасып шеңбермен жүру, аяқпен басып, шапалақтап, айланып билей білу</p> | <p>жүгірісті орындау;<br/>2.2.3.5 бір аяқтан екіншісіне секіру, жеңіл секіруді орындау;<br/>2.2.3.6 ауыспалы жүрісті орындай білу;<br/>2.2.3.7 аяқты алға қарай сермеп секіре білу;<br/>2.2.3.8 би элементері : бір орында және жылжып адымдау, қарғып жүру, ауыспалы адым; қолдарын денеге түйісіп төмен түсіру, кеуде деңгейінді айқастыру</p> | <p>3.2.3.5 би элементтері : жанама адымдап отыру, аяқты өкшемен қойып жүрелей отыру, бір орында және жылжу кезінде отыру, жүрелей отыруды орындай алу;<br/>3.2.3.6 жұппен қимылдау: қырымен шоқырақтап жүгіру, секіруді орындау;<br/>3.2.3.7 халық билерінің негізгі қимылдарын білу және орныдауға талпыну</p> | <p>жаттығуды орындау;<br/>4.2.3.5 кадрилль адымы: үш жай адым және бір сырғымалы адым, аяқтың ұшын соза білу;<br/>4.2.3.6 серіппе жүгірісті орындай білу;<br/>4.2.3.7 артқа қарай (арқасымен) секіруді орныдау;<br/>4.2.3.8 тұтас табанды басып және саусақтарын бүгіп тез майда адымдар жасай білу;<br/>4.2.3.9 халық билерін орындау</p> |
|--|---|--|--|---|--|

3) «Сөйлеу тілі ырғағы» бөлімі:  
3-кесте

| Бөлімше                                   | Оқыту мақсаттары  |  |   |  |   |
|---|---|--|---|--|---|
|   | 0 - сынып   | 1 - сынып  | 2 - сынып   | 3 - сынып  | 4 - сынып   |
| 3.1<br>Сөйлеу<br>тілінің<br>дағдылар<br>ы | 0.3.1.1<br>заттарды<br>ң атауын<br>дұрыс<br>айту;<br>0.3.1.2<br>зат есімді<br>сын<br>есіммен<br>үйлестіру | 1.3.1.1<br>заттардың<br>атауын<br>дұрыс айту;<br>1.3.1.2 зат<br>есімді сын<br>есіммен,<br>етістікпен<br>үйлестіру;<br>1.3.1.3<br>қойылған<br>сұраққа<br>жауап беру | 2.3.1.1<br>сұрақтың<br>сөздерін<br>қолдана<br>отырып,<br>қойылған<br>сұраққа<br>толық<br>жауап<br>беру;<br>2.3.1.2<br>жайтараты<br>лмаған<br>сөйлемдер<br>ді<br>құрастыру;<br>2.3.1.3<br>таныс<br>сөздердің<br>формалар<br>ын дұрыс<br>қолдана<br>отырып,<br>сұрақтар<br>бойынша<br>сөйлем<br>құрастыру | 3.3.1.1<br>әңгімеге<br>қатысу,<br>қойылған<br>сұраққа<br>толық және<br>дұрыс<br>жауап беру;<br>3.3.1.2<br>таныс<br>сөздердің<br>формалары<br>н дұрыс<br>қолдана<br>отырып,<br>жай<br>таратылған<br>сөйлемдер<br>құрастыру;<br>3.3.1.3<br>көмекші<br>сөздерді<br>және<br>үстеуді<br>қолдану | 4.3.1.1<br>әңгімеге<br>қатысу,<br>сыныптастар<br>ының<br>айтқанын<br>толықтыра<br>отырып,<br>қойылған<br>сұраққа<br>жауап беру;<br>4.3.1.2<br>жай<br>таратылған<br>сөйлемдерді<br>қолдана<br>отырып,<br>жоспар<br>бойынша<br>байланыстыр<br>а сөйлеу;<br>4.3.1.3 таныс<br>сөздердің<br>формаларын<br>дұрыс<br>қолдану |

29. Бағдарлама жеңіл ақыл ойы кемістігі бар білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4-сыныптары үшін «Түзету ырғағы» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

30. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

31. Білім алушылардың зияткерлік даму ерекшеліктері ескеріліп, оқыту бастауыш сыныптардағы белгіленген барлық оқу жылына арналған бірыңғай ортақ тақырыптар контекстінде жүзеге асырылады.

Бастауыш білім беру деңгейінің  
0-4 сыныптары үшін «Түзету ырғағы»  
пәнінен жаңартылған мазмұндағы  
үлгілік оқу бағдарламасына қосымша

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған  
бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Түзету ырғағы» пәнінен жаңартылған  
мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар

1) 0-сынып:  
1-кесте

| Ортақ тақырыптар            | Бөлімдер                            | Бөлімшелер                                    | Оқыту мақсаттары   |
|-----------------------------|-------------------------------------|---|--|
| 1 - тоқсан                  |                                     |   |  |
| Өзім туралы                 | 1. Ырғақты-гимнастикалық жаттығулар | 1.1 Кеңістікте бағдарлау жаттығулары          | 0.1.1.1 қолды еркін қимылдатып, кең адыммен жүру;<br>0.1.1.2 коллонна ішінде заттар арасымен жүру және жүгіру  |
|                             |                                     | 1.2 Ырғақты-гимнастикалық жаттығулар          | 0.1.2.1 иық белдеуінің бұлшықеттеріне арналған жаттығуларды орындау;   |
| Менің мектебім              | 2. Музыкалық-ырғақтық жаттығулар    | 2.1 Балалар музыкалық аспаптарымен жаттығулар | 0.2.1.1 кейбір музыкалық аспаптарың дыбыстауын ажырата білу (барабан, дабыл)   |
|                             |                                     | 2.2 Музыкалық ойындар                         | 0.2.2.1 ырғақты музыкаға еркін әрі шынайы қимылдау;<br>0.2.2.2 түрлі қимылдарды түрлі темппен, ырғақпен орындау;   |
|                             |                                     | 2.3 Би жаттығулары                            | 0.2.3.1 жай адым – жұмсақ, сырғымалы жаттығуларын орындай білу   |
|                             | 3. Сөйлеу тілі ырғағы               | 3.1 Сөйлеу тілінің дағдылары                  | 0.3.1.1 заттардың атауын дұрыс айту  |
| 2 – тоқсан                  |                                     |   |  |
| Менің отбасым және достарым | 1. Ырғақты-гимнастикалық жаттығулар | 1.1 Кеңістікте бағдарлау жаттығулары          | 0.1.1.2 шеңбер бойымен жүру және жүгіру;<br>0.1.1.3 қол ұстасып шеңбер бойынмен жүру және жүгіру; аяқтың ұшымен және өкшемен жүру  |
|                             |                                     | 1.2 Ырғақты-гимнастикалық жаттығулар          | 0.1.2.1 иық белдеуінің бұлшықеттеріне арналған жаттығуларды орындау;<br>0.1.2.2 аяқ бұлшықеттеріне арналған жаттығуларды орындау: кезектепаяқ ұшын алға және шетке қою; тізе астына шапалақ ұру; тізеті қолымен, таяқшамен, обручпен құшақтап алу; аяқ ұшына тұру;<br>0.1.2.3 дене бұлшық етері үшін |

|                       |                                     |   |  |
|-----------------------|-------------------------------------|---|--|
| Бізді қоршаған әлем   |                                     |   | жаттығулар: оңға және солға, аяқты бірге, еденде отырып бұрылу   |
|                       | 2. Музыкалық-ырғақтық жаттығулар    | 2.1 Балалар музыкалық аспаптарымен жаттығулар | 0.2.1.1 кейбір музыкалық аспаптарың дыбыстауын ажырата білу (барабан, дабыл);<br>0.2.1.2 музыкалық шығармадағы қатты, ақырын үлестерді жеткізу үшін барабанды, дабылды, сылдырмақты қолдана білуі  |
|                       |                                     | 2.2 Музыкалық ойындар                         | 0.2.2.1 ырғақты музыкаға еркін әрі шынайы қимылдау;<br>0.2.2.2 түрлі қимылдарды түрлі темппен, ырғақпен орындау;<br>0.2.2.3 музыкалық сүйемелдеуімен музыканың баяу және жылдам темпін қимылдармен, шапалақпен жеткізу   |
|                       |                                     | 2.3 Би жаттығулары                            | 0.2.3.1 жай адым – жұмсақ, сырғымалы, мықынын жоғары көтеру, аяқ ұшымен, табанын тұтас басу, саусақтарды иіп жүгіру, шапалақ ұрып бір аяқты басу; оң иық арқылы айлану, жұппен айлану жаттығуларын орындай білу;<br>0.2.3.2 қыздар үшін – қолдарына бет орамалын ұстап бір қалыпты би қимылдарын   |
| 3. Сөйлеу тілі ырғағы | 3.1 Сөйлеу тілінің дағдылары        | 0.3.1.1 заттардың атауын дұрыс айту;          |  |
| 3 – тоқсан            |                                     |   |  |
| Саяхат                | 1. Ырғақты-гимнастикалық жаттығулар | 1.1 Кеңістікте бағдарлау жаттығулары          | 0.1.1.3 қол ұстасып шеңбер бойынмен жүру және жүгіру; аяқтың ұшымен және өкшемен жүру;<br>0.1.1.4 колонна ішінде шеңбер бойымен түрлі қадаммен жүру;<br>0.1.1.5 қадам мен қимылды музыкалық сүйемелдеудің сипатына қарай ауыстырып отыру   |
|                       |                                     | 1.2 Ырғақты-гимнастикалық жаттығулар          | 0.1.2.1 иық белдеуінің бұлшықеттеріне арналған жаттығуларды орындау;<br>0.1.2.2 аяқ бұлшықеттеріне арналған жаттығуларды оырнадау: кезектепаяқ ұшын алға және шетке қою; тізе астына шапалақ ұру; тізеті қолымен, таяқшамен, обручпен құшақтап алу; аяқ ұшына тұру;<br>0.1.2.3 дене бұлшық етері үшін жаттығулар: оңға және солға, аяқты бірге, еденде отырып бұрылу;<br>0.1.2.4 келбетті қалыптастыруға арналған жаттығуларды орындау |
|                       | 2. Музыкалық-ырғақтық жаттығулар    | 2.1 Балалар музыкалық аспаптарымен            | 0.2.1.1 кейбір музыкалық аспаптарың дыбыстауын ажырата білу (барабан, дабыл);  |

|                                |                                     |                                      |   |
|--------------------------------|-------------------------------------|--------------------------------------|---|
| Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті | бөлімі                              | жаттығулар                           | 0.2.1.2 музыкалық шығармадағы қатты, ақырын үлестерді жеткізу үшін барабанды, дабылды, сылдырмақты қолдана білуі;<br>0.2.1.3 барабанда, дабылда, маракаста ұсынылған ырғақты қайталау   |
|                                |                                     | 2.2 Музыкалық ойындар                | 0.2.2.1 ырғақты музыкаға еркін әрі шынайы қимылдау;<br>0.2.2.2 выполнять различные движения в разном темпе, ритме;<br>0.2.2.3 музыкалық сүйемелдеуімен музыканың баяу және жылдам темпін қимылдармен, шапалақпен жеткізу;<br>0.2.2.4 музыканың түрлі сипатына, динамикасына сәйкес (дыбыстың күшейюі, ақырындауы) қимылдар жасау, қимылдағы акценттерді, қиын емес ырғақтарды белгілеу;<br>0.2.2.5 музыкалық ойындарды ойнай білу   |
|                                |                                     | 2.3 Би жаттығулары                   | 0.2.3.1 жай адым – жұмсақ, сырғымалы, мықынын жоғары көтеру, аяқ ұшымен, табанын тұтас басу, саусақтарды иіп жүгіру, шапалақ ұрып бір аяқты басу; оң иық арқылы айлану, жұппен айлану жаттығуларын орындай білу;<br>0.2.3.2 қыздар үшін – қолдарына бет орамалын ұстап бір қалыпты би қимылдарын  |
|                                | 3. Сөйлеу тілі ырғағы               | 3.1 Сөйлеу тілінің дағдылары         | 0.3.1.1 заттардың атауын дұрыс айту;<br>0.3.1.2 зат есімді сын есіммен сөзтіркесінде үйлестіру  |
| 4 - тоқсан                     |                                     |                                      |   |
| Тағам және сусын               | 1. Ырғақты-гимнастикалық жаттығулар | 1.1 Кеңістікте бағдарлау жаттығулары | 0.1.1.5 қатардан оң немесе сол жақтан сапқа қайта тұру<br>0.1.1.6 жүру кезінде қолмен әр түрлі қозғалыстарды жасау (затпен және затсыз)   |
|                                |                                     | 1.2 Ырғақты-гимнастикалық жаттығулар | 0.1.2.1 иық белдеуінің бұлшықеттеріне арналған жаттығуларды орындау;<br>0.1.2.2 аяқ бұлшықеттеріне арналған жаттығуларды орындау: кезектепаяқ ұшын алға және шетке қою; тізе астына шапалақ ұру; тізеті қолымен, таяқшамен, обручпен құшақтап алу; аяқ ұшына тұру;<br>0.1.2.3 дене бұлшық етері үшін жаттығулар: оңға және солға, аяқты бірге, еденде отырып бұрылу;<br>0.1.2.4 келбетті қалыптастыру жаттығуларын орындау<br>0.1.2.5 босаңсуға арналған жаттығуларды орындау |

|                       |                                  |   |   |
|-----------------------|----------------------------------|---|---|
| Дені саудың-жаны сау! | 2. Музыкалық-ырғақтық жаттығулар | 2.1 Балалар музыкалық аспаптарымен жаттығулар | 0.2.1.1 кейбір музыкалық аспаптарың дыбыстауын ажырата білу (барабан, дабыл);<br>0.2.1.2 музыкалық шығармадағы қатты, ақырын үлестерді жеткізу үшін барабанды, дабылды, сылдырмақты қолдана білуі;<br>0.2.1.3 барабанда, дабылда, маракаста ұсынылған ырғақты қайталау  |
|                       |                                  | 2.2 Музыкалық ойындар                         | 0.2.2.1 ырғақты музыкаға еркін әрі шынайы қимылдау;<br>0.2.2.2 түрлі қимылдарды түрлі темппен, ырғақпен орындау;<br>0.2.2.3 музыкалық сүйемелдеуімен музыканың баяу және жылдам темпін қимылдармен, шапалақпен жеткізу;<br>0.2.2.4 музыканың түрлі сипатына, динамикасына сәйкес (дыбыстың күшейюі, ақырындауы) қимылдар жасау, қимылдағы акценттерді, қиын емес ырғақтарды белгілеу;<br>0.2.2.5 музыкалық ойындарды ойнай білу;<br>0.2.2.6 заттармен эстафета ойнай білу;<br>0.2.2.7 әндету ойындарын ойнай білу |
|                       |                                  | 2.3 Би жаттығулары                            | 0.2.3.1 жай адым – жұмсақ, сырғымалы, мықынын жоғары көтеру, аяқ ұшымен, табанын тұтас басу, саусақтарды иіп жүгіру, шапалақ ұрып бір аяқты басу; оң иық арқылы айлану, жұппен айлану жаттығуларын орындай білу;<br>0.2.3.2 қыздар үшін – қолдарына бет орамалын ұстап бір қалыпты би қимылдарын орындау;<br>0.2.3.3 қайталанатын қимылдары бар биді орындай білу   |
|                       | 3. Сөйлеу тілі ырғағы            | 3.1 Сөйлеу тілінің дағдылары                  | 0.3.1.1 заттардың атауын дұрыс айту;<br>0.3.1.2 зат есімді сын есіммен сөзтіркесінде үйлестіру  |

2) 1-сынып:

2-кесте

| Ортақ тақырыптар | Бөлімдер                           | Бөлімшелер                           | Оқыту мақсаттары  |
|------------------|------------------------------------|--------------------------------------|---|
